

D011400 – «Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін Байгапанова Айгуль Болатовнаның «Семей
облысының әлеуметтік-экономикалық даму тарихы және оқыту
әдістемесі (1939-1997жж)» тақырыбында дайындалған диссертациясына
ПІКІР

А.Б. Байгапанованың диссертациялық тақырыбы Қазақстан тарихындағы ең өзекті мәселелерге арналған. Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алғанына ширек ғасырдан астам уақыт өтседе, казақ халқы мен елінің қалыптасқан тарихы ғасырлар шежіресімен терең жалғасып жатқаны ақыкат. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін тарих беттерін қайта саралап зерттеу батыл қолға алынды. Отан тарихы егеменді елдің талабына орай зерттеліп, бұрмаланып келген және ақықты ашылмаған мәселелер қайта каралып, оған дерек көздерімен дәлелденген объективті бағасы беріле бастады.

А.Б. Байгапанованың диссертациялық тақырыбы Қазақстан тарихындағы ең өзекті мәселелерге арналған. Себебі, бүгінде экономикалық-әлеуметтік хал-ахуалды түбегейлі жақсарту үшін өткенді саралау өзекті болып отыр. Өйткені, экономикасында жеңіл өнеркәсіп жетекші орын алған Семей облысы одактың жоспарлы көрсеткіштерінің деңгейі жағынан тоқырау жылдары дағдарысқа ұшыраған аймақтың бірі болып табылады. Сондыктan, Семей облысының аталған тарихи кезеңге қатысты мәселелерінің негізгісі - оның қандай шаралар жағдайымен ұштастырылғандығын, экономикасы мен әлеуметтік ортасының қалыптасу деңгейлілігін, даму ерекшеліктеріндегі жетістіктер мен керегарлықтардың болу сипаттылығын анықтаумен сабактасады.

Зерттеуші тақырып аясында көптеген ғылыми еңбектерге сараптама жасап, Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік мұрағаты, Абай облысы, мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының Қазіргі заман тарихын құжаттандыру, Шығыс Қазақстан облысының жаңа тарих құжаттар орталығы қорларындағы «Семей облыстық ауыл шаруашылық басқармасы», «Облыстық еңбекшілер депутаттары кенесі, «Жаңа Семей аудандық атқару комитеті» және т.б аталған мұрағат қорларынан алынған құжаттардан 1939-1997 жылдар аралығындағы экономика мен әлеуметтік дамуындағы табыстары мен тағылымдары жөнінде көптеген деректер қарастырып талдаған.

Қорыта айтқанда, Байгапанова Айгуль Болатовнаның «Семей облысының әлеуметтік-экономикалық даму тарихы және оқыту әдістемесі (1939-1997жж)» тақырыбында дайындалған диссертациялық жұмысы дербес, бірегей және толық аяқталған жұмыс болып есептеледі.

Пікір беруші:

Семей қаласының

Шәкәрім атындағы университеті¹
педагогика ғылымдарының докторы



М.З.Жанбекова

М.З.Жанбекова	жолын растаймын
Персоналды басқару және ҚАБ басшысы	